



# Ақмешіт

25 сәуір  
сенбі

№30 (2242)

2026 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### ЖАҢА НЫСАН

Театр өнері – адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі. Бұл тек көрерменге қойылым көрсету ғана емес, адам жанын тебіrentіп, ой салып, рухани азық сыйлайтын ерекше өнер. Бүгінгі таңда театр әлемде маңызды әлеуметтік және мәдени рөл атқарады. Әлемде әр елдің өз ерекшелігімен жеткен театрлық дәстүрі бар.



## ҚЫЗЫЛОРДА ТЕАТРЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында биылғы қаңтар-наурыз айларында 60-қа жуық спектакль көрсетілген. Оның ішінде 24 драмалық қойылым, 9 балалар қойылымы және 27 қуыршақ қойылымы.

Өткен жылы Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында жыл көлемінде барлығы 214 спектакль көрерменге жол тартқан. Театр ұжымы талай табыстарға қол жеткізіп, өскелең ұрпаққа арналған 133 балалар қойылымы мен 81 драмалық шығарма көрермен назарына ұсынылды.

Қазақ кәсіби театрының шымылдығы алғаш рет 1925 жылы Сыр топырағында түрілген болса, сол игі дәстүрді бүгінде тарихы 1955 жылдан басталатын Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық драма театры айыроймен жалғастырып келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордаға келген сапарында: «Сыр елінде жаңа драма театр құрылысы басталуы керек. Бұл өңірдің рухани әлеуетін көтеруге, жас таланттардың шыңдалуына зор ықпал етеді», – деген еді. Міне, сол игі бастама аясында жаңа драма театрының құрылысы басталды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев зиялы қауым, ел ағаларының қатысуымен жаңа драма театрының қапсуласын салу рәсіміне қатысты.

2-БЕТТЕ

## ЕЛІМІЗДЕГІ ҮШІНШІ ПРЕЗИДЕНТТІК КІТАПХАНА

Жақында облыс орталығында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздегі үшінші Президенттік кітапхананың қапсуласын салу рәсімі өтті. Жаңа нысан Президент саябағы аумағында бой көтереді. Бұл жоба аймақтың мәдени-рухани әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болмақ. Сонымен қатар қала тұрғындары үшін тиімді әрі жайлы мәдени кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоба аясында кітапхана қоры мыңдаған әдеби кітаппен толықтырылады. Бұл өңір жастарының білімге деген қызығушылығын арттырып, ғылыми ізденістеріне жол ашады.



ПРЕЗИДЕНТТІК КІТАПХАНАНЫҢ КАПСУЛАСЫН САЛУ РӘСІМІ

Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, жиналған жұртшылықты Жаңа кітапхана құрылысының басталуымен құттықтады. – Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшымыз өткен жылы аймағымызға жұмыс сапарымен келгенде Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үшінші Президенттік кітапхананың Қызылорда қаласында ашылатынын жеткізген болатын. Жерлестеріміз бұл бастаманы зор қуанышпен қабылдады. Бүгін өздеріңізбен бірге аймағымыз үшін маңызды жобалардың бірі – білім мен мәдениеттің алтын дінгегіне айналатын Президенттік кітапхананың қапсуласын салу рәсімінде бас қостық. Маңызды жобаны жүзеге асыруға демеушілік көрсеткен елімізге белгілі кәсіпкер-меценат Оғай Эдуард Викторовичке барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін. Бұл – халықтың рухани дамуына, кітап оқу мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған

Президентіміздің қолдауы. Жаңа нысан тек кітаптар жиналған жер емес, ұлтымыздың тарихын, мәдениеті мен өркениетін дәріптейтін, жерлестеріміздің рухани тынысын ашатын тәрбие мен тағылым үйі болмақ! Жаңа кітапхананың құрылысы сәтті аяқталып, ел игілігіне қызмет етіп, ұлт руханияты мен білімінің өркендеуіне үлес қосуына тілектеспін, – деді облыс әкімі.

Жалпы аумағы 13 мың шаршы метр болатын ғимаратта 1 млн-ға жуық кітап қоры болады деп жоспарланып отыр. Жыл сайын кітапхана 300 мыңға дейін оқуға қызмет көрсетілімек. Нысан ішінде оқу залдары, конференц-зал, архив, сирек кітаптар қоры орналастырылады. Сонымен қатар электронды кітапхана мен әлем әдебиеті бөлімі іске қосылады, галерея, көрме және коворкинг орталықтары да жұмыс істейді. Бұдан бөлек, көне кітаптарды қалпына келтіруге арналған арнайы шеберхана қарастырылған.

Айтолқын АЙТЖАНОВА



## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСҚА ТӨТЕП БЕРЕ АЛА МА?

Бұл бастама халықаралық деңгейдегі Біріккен Ұлттар Ұйымының тікелей қолдауымен өтуде. Орталық Азиядағы экологиялық түйткілдердің тек жергілікті деңгейде емес, жаһандық тұрақсыздыққа әсер ететін фактор екенін айқын көрсетеді.

Бастаманың институционалдық негізі де өте берік. 2023 жылдың соңында БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған арнайы қарар Орталық Азияның орнықты даму жолындағы өңірлік ынтымақтастығын нығайтуға ресми мәртебе берді. Соңғы екі жыл ішінде бұл идея Түркі мемлекеттері ұйымының жоғары деңгейдегі декларацияларында және Орталық Азия басшыларының консультативтік кездесулерінде бірнеше мәрте мақұлданып, саяси қолдауға ие болды. Әсіресе, 2025 жылы Алматыда БҰҰ-ның Өңірлік орталығының ашылуы және Антониу Гутерриштің бұл үдеріске тікелей қатысуы Астана саммитінің маңызын арттыра түседі.

Халықаралық сарапшылардың талқылауы нәтижесінде жаңартылған экологиялық тұжырымдама әзірленіп, болашақ декларацияның іргетасы қаланды. Ресми мәліметтерге сүйенсек, қазірдің өзінде өңірлік маңызы бар 20-дан астам нақты бастама дайын тұр. Астанадағы бұл басқосу тек жиын емес, Орталық Азияның экологиялық қауіпсіздігі мен басқару жүйесінің жаңа архитектурасын қалыптастыратын стратегиялық кезеңге айналды. Мұнда қабылданған шешімдер алдағы онжылдықтарда өңірдегі экожүйелердің орнықтылығын қамтамасыз ететін негізгі тетік болмақ.

4-БЕТТЕ

Тағдырдың сынағына мойымай, өмірдің әр сәті үшін күресе білетін жандар бар. Олар рухы мықты, жігерлі, үмітін үзбеген жандар. Олардың әрбір қадамы – батылдықтың, әрбір жетістігі – қайсарлықтың айқын көрінісі. Осындай жандар үшін қоғамда жасалып жатқан қолдау мен мүмкіндіктер күннен-күнге артып келеді. Бүгінде олар тек көмекке мұқтаж топ ретінде емес, керісінше, өз орнын таба алатын, еңбек етіп, білім алып, қоғам дамуына үлес қоса алатын толыққанды азаматтар ретінде қарастырылуда. Мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдау, инклюзивті білім беру жүйесі мен еңбекке орналастыру бағдарламалары – соның айғағы. Елімізде оларға жан-жақты қолдау көрсетіліп, кедергісіз орта қалыптастыруға жағдай жасалған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанда ешкімнің құқығы шектелмеуі керек» деп ерекше күтімді қажет ететін жандарға ыңғайлы орта қалыптастыру қажеттігін тапсырды.

### ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ МҮМКІНДІК

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қолдау және өмір сүру сапасын арттыру – мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Қазіргі уақытта елде ресми тіркелген мүгедектігі бар адамдар саны – 725 мың. Мемлекет басшысы инклюзивті қоғам құру мәселесіне үнемі назар аударып, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды мемлекеттік қолдау бойынша жүйелі шараларды қолға алу керектігіне басымдық беруде.



Апта басында өткен Үкімет отырысында ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды жұмыспен қамтудың жаңа тетіктері талқыланды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Аскарбек Ертаев инклюзивті еңбек нарығын дамыту және қолдаудың проактивті моделін енгізу жоспарын айтып.

Министрдің мәлімдеуінше, биылдан бастап ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған квота саны айтарлықтай артады. Сондай-ақ министрлік биылғы бірінші жартыжылдықтың соңына дейін ұйымдар тізбесін цифрлық есепке алудың жаңа тәсілін әзірлейді.

– Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін цифрлық жұмыспен қамту қызметі енгізіледі, ол жұмысқа орналастырғанға дейін азаматтарды белсенді сүйемелдеу моделіне көшуді қамтамасыз етеді. Өткен жылы еңбекке қабілетті 413,7 мың мүмкіндігі шектеулі жанның ішінен 110,8 мың адам немесе 30%-ы жұмыспен қамтылған. Осы жылдан

бастап біз квотамен 17 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі жанды қамтуды жоспарлап отырмыз, бұл 2025 жылмен салыстырғанда екі есе көп. Жұмыспен қамтудың ең жоғары көрсеткіші Ұлытау облысы мен Қарағанды өңірінде байқалады, – деді А. Ертаев.

Министрлік өзге кәсіпорындарға үлгі болатын «ТОП-10» әлеуметтік жауапты жұмыс беруші» тізімін де ерекше атап өтті. Бұл компаниялар инклюзияны кеңейтуде мемлекеттің басты серіктестеріне айналып отыр.

Мемлекет мүгедектігі бар жандарды жұмыспен қамту үшін екі түрлі тетікті қолданған. 25 мыңнан астам адам мемлекеттік қолдаумен (оқу, грант немесе субсидияланған жұмыс орындары) қамтылса, тағы 8,1 мың адам компанияларға заңмен жүктелген міндетті бос орындар арқылы жұмысқа тұрған. Бұл шаралардың басты мақсаты – азаматтарға кәсіп үйретіп қана қоймай, олардың тұрақты табыс тауып, қоғамға бейімделуіне жағдай жасау.

2-БЕТТЕ

### Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН,  
«АҚМЕШІТ  
АПТАЛЫҒЫНА»  
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге  
2026 жылдың екінші  
жартыжылдығына  
жазылу жүруде.  
Қапы қалмаңыз,  
сүйікті газетіңізге  
жазылуды ұмытпаңыз.  
Жекелер үшін  
6 айға – 4000 теңге,  
мекемелер үшін –  
5000 теңге.  
Баспасөзге қатысты  
сауалдарыңыз болса,  
мына нөмірлерге  
хабарласыңыздар:  
40-05-81, 70-14-08.

### ФАКТЧЕКИНГ

Соңғы күндері «WhatsApp» және басқа да әлеуметтік желілерде Қызылорда қаласына «басқа өңірлерден рейд келеді», «жасырын патрульдер шығады» деген мазмұндағы хабарламалар тарайды. Бұл жаңалықты естіген кейбір жүргізушілер көліктерін тексеріп, алғашқы көмек қобдишасы, өрт сөндіргіш және басқа да қажетті құралдарды жаппай іздей бастады. Тіпті кей дүкендерде мұндай заттарға сұраныс уақытша көбейіп, тапшылық байқалғаны да айтылды.



## ӨРТ СӨНДІРГІШ пен МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОБДИША бар ма?

Әлеуметтік желіде тараған хабарламаларда көлікке қойылатын талаптар тізімі де көрсетілген. Онда қосалқы дөңгелек, жазғы шиналардың толық жынтығы, домкрат, болттар, әйнек жағдайы, дәрігерлік қобдиша, өрт сөндіргіш, авариялық белгі, трос, сақтандыру полисі, техникалық байқау, шамның дұрыстығы және басқа да көптеген шарт тізбектелген. Алайда бұл талаптардың бір бөлігі нақты ережелерге сәйкес келсе, бір бөлігі асыра айтылған немесе толық расталмаған ақпарат екені байқалады.

2-БЕТТЕ

## КЕДЕРГІСІЗ ОРТА ҚҰРУ – БАСТЫ НАЗАРДА



### ҚАЛАДА ҚАНДАЙ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ БАР?

Бүгінде Қызылорда қаласында мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік қолдау, оларды жұмыспен қамту бағытында нақты жұмыстар жүргізілуде. Бұл – олардың қоғамға толыққанды араласуына, өз мүмкіндігін жүзеге асыруына берілген үлкен мүмкіндік.

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ-нің «Қызылорда қаласының Маңсап орталығы» филиалының мәліметіне сүйенсек, 2025 жылы мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту бойынша біртұтас нәтижелі жоба жүзеге асқан. Атап айтқанда, ақылы қоғамдық жұмыс орындарына 349 адам тартылса, жастар практикасына – 16, әлеуметтік жұмыс орындарына – 1 азамат жолданған. Сонымен қатар «Күміс жас» жобасы аясында 15 адам жұмысқа орналастырылса, 56 азамат өз бизнес жобаларын қорғап, бүгінде жеке кәсіптерін дөңгелетіп отыр.

Бұл бағыттағы жұмыстар биыл да жалғасын табуда. Қазіргі таңда ақылы қоғамдық жұмыс орындарына 207 азамат тартылып, «Күміс жас» жобасы бойынша 7 адам жұмыспен қамтылған. Мүгедектігі бар азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыруда квота жүйесінің де маңызы зор. Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы №188 қаулысына сәйкес, 2025 жылға 28 азаматты квота бойынша жұмысқа орналастыру жоспарланған. Нәтижесінде 22 мекемеге 28 азамат толықтай жұмысқа орналастырылып, жоспар мезесі орындалған. Ал 2026 жылға арналған жаңа жоспарға сәйкес, 21 мекемеде 32 мүгедектігі бар азаматты жұмыспен қамту көзделген. Қазіргі таңда оның аясында 11 мекемеге 15 азамат тұрақты жұмысқа орналасып үлгерді. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш толық орындалады деп жоспарланған. Сонымен қатар қала көлемінде үш рет «Бос жұмыс орындары» жарменкесі ұйымдастырылып, жұмыс іздеуші азаматтарға тікелей жұмыс берушілермен байланыс орнатуға мүмкіндік берілді. Бұл көрсеткіштер – мүгедектігі бар жандарға жасалып жатқан нақты қолдаудың айқын дәлелі. Қоғамның басты міндеті – мүгедектігі бар азаматтардың әлеуетін көтеруге жағдай жасап, олардың өз күшіне сенуіне ықпал ету. Себебі мүгедектігі бар жандардың рухы мықты, ал олардың табысы – қоғамның жетістігі.

### ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ – ТЕҢ МҮМКІНДІК АЛАҢЫ

Соңғы жылдары елімізде кедергісіз орта қалыптастырудың бір көрінісі ретінде инклюзивті спорт орталықтары ашылууда. Бұл – ерекше жандарға тек спортпен шұғылдануға ғана емес, қоғаммен етене араласуға жол ашатын маңызды қадам. Қаламыздағы инклюзивті спорт орталығы – әр адамға, оның физикалық немесе психологиялық ерекшелігіне қарамастан, спортпен айналысуға мүмкіндік беретін орта. Спорт клубында 14 спорт түрі бар. Атап айтқанда, көру қабілеті бұзылған азаматтар үшін – голбол, жеңіл атлетика, парадзюдо, тоғызқұмалақ, қол күресі бар. Есту қабілеті бұзылған азаматтар үшін – қол күресі, таеквондо, еркін күрес, шахмат, шағын-футболға қатысуға болады. Тірек қимыл мүшесі зақымданған азаматтар үшін – арбадағы теннис, жеңіл атлетика, қол күресі, оқпен ату, отырып ойнау волейболы, пауэрлифтинг, тоғызқұмалақ, таеквондо, үстел теннисі спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндік бар. Интеллектуалдық мүмкіндігі шектелуі азаматтар үшін үстел теннисі бөлімшесі бар. Спорт түрлерімен шұғылдануға 296 адам келеді. Оның ішінде көру қабілеті бұзылған – 87 азаматтар, есту қабілеті бұзылған – 79 азаматтар, тірек қимыл мүшесі зақымданған – 118 азаматтар және де интеллектуалдық мүмкіндіктері шектелуі – 12 азаматтар спортпен шұғылдануда.

Мұнда балалар да, ересектер де өз қабілетіне қарай түрлі жаттығуларға қатысып, денсаулығын нығайтып қана қоймай, өз-өзіне деген сенімін арттырады. Мұндай орталықтардың басты ерекшелігі – жаттығулардың арнайы әдістемемен ұйымдастырылуы. Әр қатысушының денсаулық жағдайы, мүмкіндігі ескеріліп, жеке бағдарлама жасалады. Ерекше балалар мен ересектер ортаға бейімделіп, өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді. Ал ата-аналар үшін бұл – үлкен үміт пен сенім. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау мен қоғамның қызығушылығы бұл бағыттың дамуына серпін береді. Бүгінде инклюзивті спорт орталығының азаматтары түрлі жарыстарға қатысып, жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Атап айтқанда, клуб спортшылары ҚР ұлттық құрама командасы сапында табысты өнер көрсетіп келеді. Биыл негізгі құрамаға 52 спортшы енгізіліп, жастар және жасөспірімдер құрамаларында 6 спортшы бар. Осылайша, ұлттық құрама командалар тізімінде клубтан барлығы 58 спортшы қамтылған. Бұл – мүгедектігі бар жандардың да үлкен жетістіктеріге жете алатынын айқын дәлелі. Ең бастысы, оларға мүмкіндік беру және қолдау көрсету.

Басы 1-бетте

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Президент саябағының аумағында бой көтеріп жатқан жаңа театр ғимараты заманауи сәулет өнері мен соңғы технологиялық жетістіктердің тоғысқан жері болмақ. Бұл нысан тек сыртқы келбетімен ғана емес, ішкі мүмкіндіктерімен де таңғалдырады. Атап айтқанда, 510 орынға арналған көрермен залы, жарық жүйелерімен, халықаралық стандарттарға сай келетін ерекше акустикамен жабдықталды. Бұл жоба облыстық драма театр ұжымына ауқымды декорациялар мен қойылымдар сахналауға мүмкіндік береді. Мұндай заманауи өнер ордасының Президент саябағында орналасуы

буынның шығармашылық әлеуетін шыңдайтын, ұлттың жаны сөйлейтін киелі мекен болады деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Қызылорда – қазақ театр өнерінің негізі қаланған жер. Бір ғасыр бұрын жандан қурылған ұлттық театрдың алғашқы қойылымы осында сахналанған. Сыр жұртшылығы халқымыздың асыл мұратын, құндылықтарын сахна арқылы ұрпақ санасына сіңіріп келген ұлт театрының Қызылордадан бастау алғанын мақтанш тұтады.

Қазақтың ұлттық кәсіби театрының шымылдығы түрілген Қызылордада бір ғасырдан соң жаңа



## ҚЫЗЫЛОРДА ТЕАТРЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

Сыр елінің мәдени келбетін жаңа деңгейге көтеріп, қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті рухани мекеніне айналады.

Аймақ басшысы жаңа театрдың ашылуына жиналған жұртшылықты жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды отырысында «Жалпы «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған», – деп атап өтіп, Қызылордадағы жаңа драма театр құрылысы биыл басталатынын айтқан еді. Театр ұлттық мұрасы болып сақталып, руханияты байытуға зор үлес қосып келеді. Жетіс жылдан астам тарихы бар, қазақ театр өркениетінің қарашырағы Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық академиялық драма театры – Сыр өңірінің мәдени өмірінің ажырама бөлігі.

Президент саябағы аумағында іргетасы қаланатын жаңа театр – төл өнерімізді түлететін, жас

Басы 1-бетте

Думан КЕҢШІЛІК

## ӨРТ СӨНДІРГІШ пен



## МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОБДИША бар ма?

Халық арасындағы дүрбеленген кейін біз де жүргізушілер жиі іздейтін алғашқы медициналық көмек қобдишасы мен өрт сөндіргіш құралдарын алу үшін автодүкендерді аралап көрдік. Алайда біз аралаған дүкендердің барлығында сатушылар бұл тауарлардың таусылғанын, кейбірінің әлі жеткізілмей жатқанын айтты.

Осындай жағдайға тап болған қала тұрғыны Бағлан да бір күнін қажетті жабдықтарды іздеумен өткізгенін айтты. Оның сөзіне, әлеуметтік желідегі ақпараттан кейін көлігін толық тексеріп шығуға кіріскен, алайда ең алдымен қажет болған дәрігерлік қобдишасын табу қиынға соққан.

Осы жағдайға байланысты Қызылорда облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі түсініктеме беріп, таралған ақпараттың жалған екенін ресми түрде мәлімдеді. Яғни, әлеуметтік желілерде тараған «арнайы рейд келеді», «жаппай тексеріс болады» деген хабарламалар шындыққа сәйкес келмейді.

Басы 1-бетте

Д.РАХЫМЖАНҰЛЫ



## ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Мәдениет – ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасатпайымы. Мәдениет – елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты болса, сол елдің енесі де биік болатыны белгілі. Дана халқымыз «Өнер – ұлттың жаны» деп бекер айтпаса керек. Өркениетті ел, ең алдымен, тарихымен, өнерімен, тілімен, рухани қазынасымен, көркем әдебиет пен өнерге қосқан үлесімен танылып, бағаланады. Сыр елінің бас қаласы Қызылорданың мәдени өмірінде елеулі жаңалықтар бар. Сән-салтанаты келіскен шаһардың мәдени, рухани өмірінің гүлденуінде, ұлттық мәдениетті өміршең салт-дәстүрін, ана тілін, өркениетті, тарихын елге танытып, мәдени дамуымызда көшбасшы болып жүрген Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің атқарып жатқан жұмысы аз емес.

Алты Алаш кәдір тұтқан бас шаһардың бұл күнде сәулеті айшықталып, мәдени нысандар көбейіп, рухани, танымдық шаралар кең ауқымда өткізілетін мерейлі мекенге айналды. Қалада мазмұнды іс-шаралар өткізу, дүйім елге насихаттау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызырдына. Мәдениет, театр, өнер, кітапхана, тарихи-мәдени мұра нысанын қорғау және пайдалану, мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамыту мақсатында атқарылған жұмыстар аз емес.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаевтың айтуынша, жыл басынан бері қала бойынша 261 мәдени-көпшілік іс-шара өткен. Сыр елі өзге өңірлерге үлгі болып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, насихаттау және дамыту бағытында жүйелі жұмыс атқарып келеді. Нәтижесінде мемлекеттік мекемелердің құжат айналымы түгелімен қазақ тіліне көшкен. Сонымен қатар қала көшелерінің атуын жүйелі, заманауи қалыпқа келтіріп, оларға елге еңбегі сіңген тұлғалар мен жер-су аттарының есімін беру мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің міндетінің бірі. Бүгінде комиссия шешімімен нақтыланған 1279 көше болса, 830-ы қаланың, 449-ы ауылдық округтің меншігінде.

Республикалық ономастика комиссиясы 48 ардагердің есімін қолдап, бекіту туралы оң қорытынды берсе, 17 ардагердің есімі ауылдық округтен бекітілген. Сонымен қатар республикалық ономастикалық комиссиясымен бекітілген көше атауын жазу және орналастыру жөніндегі ұсынымға сәйкес қала көшелеріндегі тактайшаларды жаңалау мақсатында қалалық коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне ұсыныс жолданып, бірлесіп жұмыс атқарылуда.

Қалаға қарасты кент және ауылдық округтегі идеологиялық тұрғыда ескірген атаулар ауыстырылып, тарихи тұлғалар мен жер, су атаулары берілген.

– Қала көшелеріндегі көрнекті ақпарат құралдарында «Тіл туралы» заңның 21-бабының,

«Жарнама туралы» заңның 6-бабының сақталмауы жиі кездеседі. Заңнамада белгіленген талапты бұзған меншік иелеріне түсініктеме жүргізіліп, жазба ескертпе беріліп, көрнекті ақпараттың мәнін жазу және орналастырудың үлгісі таратылуда. Зерделеу мақсатын-

М.Әуезовтің «Еңлік – Кебек» трагедиясын, М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» психологиялық драмасын, Зейнолла Шүкіровтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Неге, жаным, шығарып сала алмадың?» лирикалық драмасын ұсынып, көпшіліктің құрметіне бөленді.



да қала орталығындағы 59 нысанға түсініктеме жүргізіліп, 37 кәсіпкерге ескертпе берілді. Сонымен қатар қаладағы мейрамхана мен жылдам әзірленетін дәмхананың ас мәзірін қазақ тілінде жазу мәселесі көтеріліп, нәтижесінде бүгінде 91 пайызға жуық ас мәзірі қазақ тіліндегі мәтінге ауыстырылды, – дейді бөлім басшысы.

Бүгінде екі ғасырдан астам тарихы бар Қызылорда қаласында 85 тарихи-мәдени мұра мемлекет қорғауына алынған, оның 4-і республикалық, 34-і жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштері. 47 нысан тарихи-мәдени мұра тізіміне алдын-ала енгізілген.

Халықтың рухани, ағартушылық дамуында кітапхананың ролі зор. Өйткені онда өткізілген тәрбиелік іс-шаралар қоғамды тәрбиелеп қана қоймай, кітап оқу мәдениетін қалыптастырып, ой-сананы өркендеуіне, ізгілік пен адамгершілікке баулиды. Рухани қазынаның иесі кітапханашының ұйымдастыруымен қаладағы 21 кітапханада үздіксіз тағылымдық кештер, кездесулер, салтанатты іс-шаралар өткізіледі. Кітапқа қызығушы оқырман санының өсуі асыл қазынаға деген ел құрметінің еселенуінің дәлелі. Бүгінде оқырмандар сұранысына сай кітап қоры – 648257, қазақ тіліндегі кітап саны – 265544. Биыл алынған жаңа әдебиеттер саны – 60, оның ішінде ана тілімізде – 60.

Алғашқы тоқсанның өзінде оқырмандармен 162 мәдени-көпшілік шара өткізілген. 21 кітапхана интернет желісімен қамтылып, қызметін 1652 оқырман пайдаланған.

Қаладағы «Жастар театрының» да жұмысы жолға қойылған. Шығармашылықпен жұмыс істейтін өнер иелері биылдың өзінде 16 қойылым сахналаған. Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы өткізілген конкурстың нәтижесінде жылдықтың сахна және дыбыс қушейткіш құрылымы сатып алынған. Сахна шеберлері әйгілі француз жазушысы А.Гюлланның «Аладин» балалар ертегісін,

Тасбөтет кентінде орналасқан С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған «Мұзтаудың мұзбалағы» атты әдебиет-сазды кеш өткізіліп, ақын жырларынан үзінді оқылып, оның өмірі мен шығармашылығы кеңінен насихатталған. Мұқағали өлеңдеріндегі махаббат, сағыныш, өмір, адамгершілік тақырыптары көрермен жүрегінен орын тауып, поэзия кеші шынайы эмоцияға толы рухани жүзделуге айналды. «Мұзтаудың мұзбалағы» кеші – поэзияны сүйетін жандардың басын қосқан, Мұқағали рухына тағзым еткен мағыналы мәдени шара болған.

«Адал адам» мәдени-тарбие орталығы тұжырымдамасының «Креативті НUB» бағыты бойынша «Токыма өрнектері – ұрпақ сабақтастығы» атты шеберлік сағаты ерекше үлгіде өткен. Шеберлердің тәжірибесі мен тағылымды кеңесі қатысушыларға үлкен әсер қалдырып, ұрпақ сабақтастығын дәріптеудің маңызын айқындай түсті.

Дүниежүзілік мейірімділік күніне орай Қылымстық-атқару жүйесі департаментінде Абай ауылдық мәдениет үйі мен Белкөл кенті клубының өнерпаздары тағылымды мәдени-рухани шара ұйымдастырып, концерттік бағдарлама ұсынған. Іс-шараның негізгі мақсаты – қоғамда мейірімділік, ізгілік, адамгершілік құндылықтарды насихаттау, рухани қолдау көрсету.

Өнегелі істі үйлестіріп, мерекелік мезгілдегі кең көлемде ұйымдастырып, қала тынысын ашуға тынымсыз еңбек ететін қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызу жұмысы халықтың көз алдында атқарылып, елдің ықыласына бөленуде. Уақытпен санаспайтын сала өкілдері елдің қуанышымен ортақтасып, қала өміріндегі мерейлі сәттердің куәгері болып, тарихтың тағылымды қалалықтарға насихаттап келеді.

Гайуар  
КОЖАХМЕТОВА

# ӨЛЕҢІ ӨМІРШЕН, АҚЫН

Сырын бүгін өткен күннің маңына, Шарқ ұрамын күшімді іздеп айнала, Жүгіремін қырақаларда гүл тұнған, Самал желі маңдайымды аймала. Шірін дала! Балайыңым бал күнім, Қол бұлғасаң барар едім дәл бүгін. Алыстағы сағымдарға оранған, Жастығымның теріп берем, ал гүлін, – деп жырлап, лирикалық өлеңімен Алашқа танылған ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы облыстық филиалының жетекшісі Қаршыға Есімсейітованың есімі елге белгілі.

Қаршыға Құрмашқызы – журналист, ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан теле-радио академиясының «Алтын жұлдыз» негегі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, Шиелі, Сырдария аудандарының Құрметті азаматы.

Ел ардақтаған аяулы ақынмен Ж.Нұрсейітов атындағы № 233 орта мектебінде кітапханашылар Айгүл Райқұлова, Дина Пайызвановна ұйымдастырумен Ұлттық кітап күніне орай «Жырмен өрліген ғұмыр» тақырыбында ақынмен кездесу өтті.



– Кездесудің мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, ұлттық әдебиетке құрмет сезімін қалыптастыру, жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, – дейді кітапханашы Айгүл Райқұлова.

Басқосуға оқушылар ақынның өнегелі өмір жолдары және шығармашылығымен танысып, өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Шығармашылық иесіне сауал жолдап, еркін пікір алмасты. Ақынның сөзіне жазылған әндер мерекелік кештің сәнін кіргізіп, әдеби көрністер мазмұнын ашты. Оқушыларға ерекше әсер сыйлаған кеш соңында Қаршыға Есімсейітова оқырмандарға өз кітабын сыйға тартты.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



## ӘСКЕРГЕ БАРУ – АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫҢ!

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарма білім беру мекемелерінде «Әскерге бару – азаматтық парызың» тақырыбында кездесу өтті. Басқарма бастығы, полковник Ерлан Манаповтың бастамасымен өткен шараға әскери қызметшілер, мектептер мен колледждердің жоғары курс студенттері және бітіруші сынып оқушылары қатысты.

Кездесу барысында болашақ сарбаздарға қарулы күштер қатарында қызмет етудің маңызы, әскери оқу орындарына түсу тәртібі және мемлекет тарапынан көрсетілетін жеңілдіктер жаң-жақты түсіндірілді. Мамандар жастардың көкейіндегі сұрақтарға жауап беріп, қазіргі қазақстандық әскердің тыныс-тіршілігі туралы мәлімет берді. Мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастырып, ел қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарайтын азаматтарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Жұмыс соңында жастарға әскери мамандықтар туралы ақпараттық парақшалар таратылып, тиісті бағыт-бағдар берілді.

Айгүл БЕРДІБАЕВА,

Әскери қызметті насихаттау, тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі инспектор

### МАМАН КЕҢЕСІ

## ҚЫЗЫЛШАДАН ҚОРҒАНЫҢЫЗ

Қызылша – бұл вирустық жұқпалы ауру, көбінесе балалар арасында кең таралғанымен, екіп алмаған ересектерге де қауіпті болуы мүмкін. Аурудың қоздырғышы – өте тез таралатын вирус, ол ауа арқылы жөтелгенде, түшкіргенде немесе науқас адаммен жақын байланыста болғанда жұғады.



Қызылшаның алғашқы белгілері тұмауға ұқсас болып келеді. Ауру басталған кезде адамның дене қызуы көтеріледі, мұрны бітеліп, жөтел пайда болады, көзі қызарып, жарыққа сезімтал болады. Бірнеше күннен кейін денеде қызыл бөртпелер шыға бастайды. Бұл бөртпе алдымен бетте пайда болып, кейін бүкіл денеге таралады. Қызылша тек жеңіл өтетін ауру емес. Ол асқынға әкелуі мүмкін. Мысалы, өкпенің қабынуы (пневмония), құлақтың алудың етпінсіз немесе сирек жағдайда мидың зақымдануы кездеседі. Әсіресе иммунитеті әлсіз адамдар үшін қызылша өте қауіпті.

Аурудың алдын алу үшін тиімді жолы – вакцинация. Қызылшаға қарсы екіп балаларға жоспарлы түрде салынады және ол ағзаны аурудан қорғауда маңызды рөл атқарады. Екіп алған адамдарда қызылшамен ауыру қаупі төмендейді. Қызылшаның алдын алу үшін жеке гигиенаны сақтау, науқас адамдармен байланысқа түспеу және уақытылы екіп алу қажет. Егер ауру белгілері байқалса, дереу дәрігерге қаралу маңызды. Қызылша – қауіпті жұқпалы аурулардың бірі, бірақ оның алдын алу қажет. Денсаулыққа жауапкершілікпен қарап, екіп алу арқылы өзіңізді және жақындарыңызды қорғауға болады.

Айнұр ШАМШИЕВА

№3 қалалық емханасының бөлім меңгерушісі, жалпы тәжірибелі дәрігер

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5 – бабының 9-тармағына сәйкес Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы хабарлайды:

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 23-24 сәуірдегі шешімдерімен 2026 жылғы 17 мамырға тағайындалған сайлауда Қызылорда қалалық округі әкіміне Әбдіжаппар Сәкен Нысанұлы, Оспанов Канат Ерасылович және Шалабаев Қайыржан Шакирович кандидаттар болып тіркелді.

Әбдіжаппар Сәкен Нысанұлы – 1963 жылы туған, ұлты қазақ, Қызылорда қалалық округінің әкімі, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін өзі ұсынған.

Оспанов Канат Ерасылович – 1973 жылы туған, ұлты қазақ, «Қызылорда қаласының Белкөл кенті әкімінің аппараты» КММ бас маманы, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін өзі ұсынған.

Шалабаев Қайыржан Шакирович – 1967 жылы туған, ұлты қазақ, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» КММ сектор меңгерушісі, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін өзі ұсынған.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы

## Ауыл шаруашылығы жануарларын союды жүзеге асыратын нысандардағы ветеринариялық-санитариялық талаптар

Ауыл шаруашылығы жануарларын союды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық талаптарға сай келетін мал сою нысандарында жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №7-1/370 санды бұйрығымен бекітілген «Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру» қағазында көзделген.

Ауыл шаруашылығы жануарларының мал сою нысандарына келіп түскенде ветеринар дәрігер, жануарларды сою алдында клиникалық қарап-тексеруден өткізеді, ветеринариялық анықтамадағы ветеринариялық іс-шаралар мәліметіне, сырға нөмірі сәйкестігін тексереді және сойылғаннан кейін ұшалар мен ағзаларды ветеринариялық қарап-тексеру нәтижесімен, ұшаға «алдын ала қарап тексеру» таңбасын қойып тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында эпизоотиялық ахуалдың тұрақтылығы туралы рәсімделген ветеринариялық анықтама ұшамен бірге ветеринариялық-санитариялық сараптама актісімен бірге тасымалданады. Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық талаптарға сәйкес келмейтін орындарда (үйлерде, ауаларда, қора-жайларда) союға жол берілмейді. Ауыл шаруашылығы жануарларын сою есептік нөмірлері бар мал сою пункттерінде, ет өңдеу кәсіпорындарында немесе сою алаңдарында жүзеге асырылады.

Ветеринариялық талаптарды сақтамаған жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 406-бабы бойынша әкімшілік пара көзделген.


Б.НУРМАНОВ,

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы

## БАЙМАНОВ БОЛМЫСЫН АШҚАН КІТАП

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Әлемді ғылым құтқарады – IV» атты ғылым айлығы аясында және Құмкөл кенішін игерудің 40 жылдығына орай тағалымды іс-шара өтті. Жиналған мұнай саласының ардагері Галым Байманов жайында жазылған кітаптың тұсаукесері болды.

жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті құрылған кезде қайта ұйымдастырылған инженерлік-экологиялық факультетінің оқу-зертханалық тұрғыда қалыптасуына, ғылыми-әдістемелік дамуына елеулі үлесін қосты. Әр жылдары Мұнай факультетінде мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы



Кітап авторы Нұрлыбек Мынжас өз еңбегінде Галым Баймановтың өмір жолын, кәсіби жетістіктерін және ел дамуына қосқан үлесін көркем тілмен шебер жеткізе білген. Кітапта кейіпкердің еңбек жолындағы маңызды кезеңдер, мұнай өндірісіндегі жаңалықтар мен тарихи сәттер кеңінен камтылған. Сонымен қатар архивтік суреттер мен замандастарының естеліктері кітап мазмұнын байыта түседі.

Мадина ТЕҢІЗБАЙ

Галым Байманов еліміздің мәдениеті мен руханиятының білімі мен ғылымының жанашыры ретінде зиялы қауымға жақсы таныс. Қандай қызметте жүрсе де ел мүддесін жоғары азамат. Ол Құмкөл кенішін игеру жұмыстарының басталуына байланысты 1988 жылы «Маңғышлақмұнай» қызметінен туған жерге ауысқан. Содан кейінгі еңбек жолында Құмкөл терең пайдаланымдық бұрғылау шеберінен «Оңтүстікмұнайгаз» АҚ-ның вице-президенті лауазымына дейін көтерілді.

1996-2000 жылдары «Харрикейн-Құмкөл-Мұнай» АҚ-да екі басқарманың басшысы болды. Үкімет шешімімен 1998



Чернобыль атом электр станциясындағы апат – адамзат тарихындағы ең ірі техногендік апаттардың бірі ретінде әлем жадында сақталып келеді. Аталған апаттың салдарын жою жолында жанқиярлық танытқан азаматтардың ерлігі – ел тарихындағы өшпес өнеге. Чернобыль апатының орын алғанына 26 сәуірде 40 жыл толғалы отыр.



## Чернобыль апаты – ғасыр қасіреті

Осыған орай облыстық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен «Чернобыль: Ерлік пен Тағзым» атты еске алу кеші өтті. Онда Чернобыль апатының ардагерлерімен мазмұнды әрі танымдық кездесу өтті. Сол кездесуге мен де шақырту алып, өз шығармашылығыммен бөлістім. Іс-шараның негізгі мақсаты – апат салдарын жоюға қатысқан азаматтардың ерлігін ұлықтау, жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Іс-шара барысында Чернобыль апатының салдары, оның экологиялық және әлеуметтік әсері туралы кеңінен ақпарат берілді. Ардагерлер сол кезеңдегі қызметтік міндеттерін атқару барысында кездескен қиындықтар мен жауапты сәттер туралы естелік айтты. Олардың өңгімелері маған және қатысушыларға ерекше әсер қалдырып, тарихи шындықты тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Кездесуге қатысқан Чернобыль апатының ардагері, көкем Қуаныш Қалмағанбетов – апат

салдарын жоюға белсене қатысып, өз өмірін қауіпке тігіп, ел алдындағы борышын адал атқарған азаматтардың бірі. Оның ерлігі мен табандылығы – кейінгі ұрпаққа үлгі болатын жарқын өнеге.

Кездесу барысында жастар ардагерлерге сұрақ қойып, олардың өмір жолы мен еңбек тәжірибесіне қызығушылық танытты. Бұл өз кезегінде ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, рухани байланысты арттыруға ықпал етті.

Іс-шара соңында ардагерлерге құрмет көрсетіліп, Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Мұндай тағалымды кездесулер экологиялық және әлеуметтік әсері туралы кеңінен ақпарат берілді. Ардагерлер сол кезеңдегі қызметтік міндеттерін атқару барысында кездескен қиындықтар мен жауапты сәттер туралы естелік айтты. Олардың өңгімелері маған және қатысушыларға ерекше әсер қалдырып, тарихи шындықты тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Еркеназ БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ,

№39 «Қызылорда» орта мектебінің 4-сынып оқушысы

## Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», қалалық «Ақмешіт апталығы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 21097 дана. Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5141 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің [syrbойy@yandex.kz](mailto:syrbойy@yandex.kz), [kzorda-vesti@yandex.kz](mailto:kzorda-vesti@yandex.kz) сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

TikTok: Video – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

\*\*\*

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті 1994 жылдың 15 сәуірінде шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 3858 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: 95 теңге.

\*\*\*

Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің [aqmeshit-apталығы@yandex.kz](mailto:aqmeshit-apталығы@yandex.kz) сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге

Stories – 8000 теңге

TikTok: Video – 10000 теңге

Stories – 8000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге

\*\*\*

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

TikTok: Video – 15000 теңге

Stories – 10000 теңге

Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлем үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелер күндерінен басқа шығарылымдар жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: [sm-jarnama@yandex.kz](mailto:sm-jarnama@yandex.kz)

## ЖИЫН ЖҮГІ

Елорда төрінде өткен алқалы жиынның ауқымы мен мазмұны стратегиялық маңызы бар тарихи белес екенін айқын аңғартса керек. Саммиттің қазіргі форматы ұйымдастырушылар көтерген мәселелердің өзектілігінен көрініс тауып отыр. Бір алаңға үкімет басшыларын, халықаралық ұйымдар мен даму институттарының өкілдерін, іргелі ғылым мен бизнес саласы және азаматтық сектор белсенділерін қосқанда, жалпы саны 1500-ге жуық қатысушының жиналуы жаһандық деңгейдегі сенімнің белгісі.

Жиынның ресми бағдарламасы сегіз негізгі бағытты қамтиды, олардың әрқайсысы қазіргі заманғы сын-қатерлеріне жауап беруге бағытталған. Алдымен, климаттық өтпелі кезеңді қолдау мақсатында зиянды шығарындыларды азайту, энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын қуат көздерін іске қосу мәселелері назарға алынды. Сонымен қатар экономикалық орнықтылық пен бейімделу тетіктері, азық-түлік қауіпсіздігі және табиғи экокүйелерді сақтау жолдары жан-жақты талқыланды. Аса маңызды аймақтар саналатын Арал мен Каспий теңіздерінің тағдыры, су ресурстарын ұтымды басқару мәселесі де бағдарламаның өзегіне айналды. Мұнымен қоса, ауа сапасын жақсарту, қалдықтарды өңдеу және циркулярлы экономикаға көшу сияқты экологиялық міндеттермен қатар, жасыл қаржыландыру мен технология трансферінің нарықтық тетіктері қарастырылып жатыр. Әлеуметтік аспектілер де ұмыт қалған жоқ, «әділ өтпелі кезең» қағидаты аясында жаңа жұмыс орындарын құру мен мамандарды қайта даярлау, ал цифрлық дәуір талабына сай жасанды интеллекттің ресурстарды басқаруға жұмылдыру мәселелері де күн тәртібінде.

Форум аясында мұздықтардың еруі, Арал өңірінің экологиялық жағдайы мен халық денсаулығы, жасыл энергетика үшін кадрлар даярлау және су секторына инвестиция тарту сияқты нақты тақырыптық алаңдардың іске қосылуы бұл процестің практикалық сипатын бекіте түсті.

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ МЕН  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ТРАНСФОРМАЦИЯ

Саммит Орталық Азия мемлекеттерінің климат өзгерісіне қатысты ұстанымын айқын көрсетті. Қазақстан үшін өзекті мәселе – су қауіпсіздігі, энергетикалық өтпелі кезең және өңірлік институттар құру. Мемлекет басшысы өз сөзінде экологиялық таза энергияға көшу, тозған жерлерді қалпына келтіру, су үнемдеу саясаты, биоалуантүрлілікті қорғау және өңірлік ынтымақтастықты күшейту негізгі басымдық ретінде белгіленгенін атап айтты. Ол Қазақстанда электр қуатының 7 пайыздан астамы жаңартылатын энергиядан өндірілетінін, 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 15 пайыздан асуы тиіс екенін айтты. Сонымен бірге Қазақстан Каспий мәселесін мемлекетаралық бағдарлама деңгейіне көтеріп, БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру идеясын қайта ұсынды.

Өзбекстан ұстанымы климаттық әділеттілік пен су тиімділігіне көбірек ден қояды. Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өз сөзінде Орталық Азиядағы температура жаһандық орташа деңгейден екі есе жылдам өсіп жатқанын, мұздықтардың үштен бірі жоғалғанын, су тапшылығы жылдан-жылға артып келе жатқанын және жердің тозуы 80 миллион гектарға жеткенін айтты. Оның негізгі саяси тезісі – климат өзгерісіне аз үлес қосқан мемлекеттер мұның салдарын жалғыз көтермеуі керек, сондықтан дамушы елдер үшін климаттық қаржыға, технологияға және инновацияға тең әрі дер кезінде қолжетімділік қажет. Өзбекстан сонымен қатар «Орталық Азияның таза ауасы» атты мемлекетаралық консорциум құруды, бағдарламаларды тереңдетуді, су үнемдеуді күшейтуді және 2026-2036 жылдарды суды ұтымды пайдалану он-жылдығы ретінде қабылдауды ұсынды.

Қырғызстан Президенті Салыр Жапаровтың айтуынша, Қырғызстанда 2020 жылдан бері сел мен тасқын секілді төтенше жағдайлар үш есе көбейген, мұз басу аумағы 16 пайызға азайған, ал газыр соңына қарай мұздықтардың 80 пайызына дейін жоғалу қаупі бар.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон мұздықтардың еруі су теңгерімін бұзып, апат тәуекелін ұлғайтып жатқанын ескертті.

Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов болса, өңірде БҰҰ қолдауымен климат технологиялары мен шөлейттенумен күрес орталықтарын ашу, сондай-ақ Арал мәселесі бойынша IFAS-пен ынтымақтастық туралы жаңа БҰҰ қарарын әзірлеу қажеттігін көтерді.

Елдер арасында кемінде үш ортақ түйін бар екенін көруге болады. Біріншіден, бәрі де климат өзгерісін енді тек экологиялық емес, су, азық-түлік, энергетика және әлеуметтік тұрақтылық мәселесі ретінде қабылдайды. Екіншіден, барлығы дерлік сыртқы климаттық қаржы мен технология трансферіне әділ тиімділікті талап етеді. Үшіншіден, өңірлік ынтымақтастықтың жаңа институттарының яғни су ұйымы, криосфера бағдарламасы немесе IFAS-ты жаңғырту ұлттық деңгейдегі шаралар жеткіліксіз екенін түсінеді.

Басы 1-бетте



## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫСҚА  
ТӨТЕП БЕРЕ  
АЛА МА?АРАЛ  
МӘСЕЛЕСІ  
АЛАҒДАТАДЫ

Астанада өткен экологиялық саммит Арал тақырыбын, Орталық Азияның болашағын айқындайтын мәселені күн тәртібіне шығарды. Бұл жолы Арал теңізі жай ғана экологиялық қасірет ретінде емес, су қауіпсіздігі, халық денсаулығы, өңірлік басқару, климатқа бейімделу, деректер алмасу және халықаралық қаржыландыру тоғысатын үлкен мәселе ретінде қарастырылды. Саммит алаңындағы талқылаулар мен қабылданған шешімдер осыны айқын аңғартты.

Арал мәселесі форумда екі негізгі бағыт бойынша көтерілді. Бір жағынан, мемлекет басшылары Халықаралық Аралды құтқару қоры аясында бас қосып, бірқатар маңызды құжаттарды қабылдады. Екінші жағынан, саммиттің сарапшылық және салалық панелдерінде Арал маңы халқының денсаулығы, экологиялық тәуекелдер және өңірдің болашағы бөлек талқыланып, жаңа бірлескен құжаттар мен жол карталары ұсынылды.

Саммиттің ресми бағдарламасында Аралға арнайы арналған сессиялардың болуы да көп нәрсені аңғартты. «Болашақ ұрпақты қорғау: экологиялық күн тәртібінің өзгіндігі денсаулық – Арал өңірінің сабақтары мен шешімдері» тақырыбында панелдік сессия ұйымдастырылды.

Жиында ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазақстан Президентінің экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы және халықаралық экологиялық күн тәртібін ілгерілетудегі айрықша ролін атап өтті.

– Экологиялық саммиттің пленарлық отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев экологияны салалық мәселе емес, даму идеологиясы мен өмір салты екенін нақты айтты. Оның негізінде болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік, әділетті экологиялық модельге көшу қағидаты және халықаралық ынтымақтастықтың ұйыстырушы ролі жатыр. Осы тұрғыда бастау алған «Таза Қазақстан» қозғалысы жаңа экологиялық мәдениетті – жеке жауапкершілік, табиғатқа жанашырлық және азаматтық белсенділік мәдениетін қалыптастырып келеді, – деді ол.

Аралға қатысты ең маңызды саяси шешімдер саммит аясында өткен Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысында қабылданды. 2023-2026 жылдары атқарылатын жұмыстар сараланып, Арал бассейні елдеріне көмек көрсету бағдарламасы мен өңірлік экологиялық бағдарламаны жалғастыру жайы айтылды.

Саммитте айтылған деректер Арал мәселесінің ауқымы әлі де аса күрделі екенін көрсетті. Солтүстік Аралдың шамамен 36 пайызы қалпына келтіріліп, теңіздегі су көлемі 18,9 текше шақырымнан 23,5 текше шақырымға дейін артқан. Бұл – белгілі бір жетістік. Бірақ осы жетістік жалпы ахуалды түбегейлі өзгертті деуге әлі ерте. Себебі Арал маңында жазғы ауа температурасы орта есеппен 2-2,5 градусқа жоғарылаған, жүз шақырымдық белдеуде жауын-шашын азайған, ал өңірдегі

су ресурстарының 80 пайыздан астамы ауыл шаруашылығы саласына жұмсалады.

Денсаулыққа қатысты келтірілген мәліметтер де алаңдатарлықтай. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, Арал маңы өңірінде 3 миллионнан астам адам тұрады, ал бұл аймақтағы аурулардың 40%-ға дейінгі экологиялық факторлармен байланысты. Экологиялық дағдарыстың салдары ретінде тыныс алу және жүрек-қан тамыры ауруларының көбеюі, сондай-ақ әйелдер мен балалар арасында канздықтың кең таралуы байқалып отыр.

Сессия барысында қатысушылар болашақ ұрпақтың денсаулығын қорғауға бағытталған басым шараларды талқылап, экологиялық қатерлерді азайтуға және денсаулық сақтау жүйелерін нығайтуға арналған «Арал теңізі өңірінің салауатты болашағы» жол картасының жобасын таныстырды.

Аралдың құрғаған табиғатынан жыл сайын атмосфераға көтерілетін шаң көлеміне қатысты мәліметтер де алаңдатты. Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевтың айтуынша, теңіздің құрғаған табиғатынан жыл сайын 100 миллион тоннаға дейін тұз, шаң және ұлап пестицид қалдықтары ауаға көтеріледі. Бұл тек Қазақстанға немесе Өзбекстанға ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңіріне, тіпті одан да кең аумаққа әсер ететін экологиялық факторға айналып отыр.

Халықаралық ұйымдар өкілдерінің пікірі де осы ұстаныммен үндесті. ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өңірлік кеңесінің директоры Амир Пирич ғылыми қорытындыларды нақты іс-қимылға айналдыру қажеттігін айтты. Ал БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының атқарушы директоры Ингер Андерсен Арал тақырыбын климат өзгерісі, жердің тозуы және су тапшылығы тізбегіндегі түйінді салдардың бірі ретінде бағалады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
ДИПЛОМАТИЯ МЕН  
ӨНІРЛІК ИНТЕГРАЦИЯ

Астана төрінде өткен халықаралық экологиялық форум Орталық Азияның жаһандық климаттық күн тәртібіндегі ролін қайта қарап, аймақтық ынтымақтастықтың сапалық жаңа деңгейге көтерілгенін айқын көрсетті. Саммит аясында айтылған сарапшылық пікірлер бұл іс-шараның стратегиялық маңызы жоғары, институционалдық негізі берік бастама екенін айғақтады.

Белгілі сарапшы Оливье Ариффон «Қазақпарат» агенттігіне берген сұхбатында бұл форумды «өңірлік қозғалыстың бастамасы» деп бағалап, оның геосаяси және интеграциялық әлеуетіне ерекше тоқталды. Оның пайымдауынша, аталған диалог алаңы бес Орталық Азия елін ғана емес, Өзбекстан мен Монғолия сынды іргелес мемлекеттерді, сондай-ақ жаһандық институттарды бір арнаға тоғыстырумен күнді. Дегенмен, сарапшы мұндай ауқымды іс-шаралардан кейін нақты бағдарламалар мен шешім қабылданбаса, бұл тек символдық деңгейде қалып қою қаупі бар екенін ашық айтты.

Ғылым мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жою мәселесі ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өңірлік кеңесінің директоры Амир Пиричтің пікірінше, қазіргі таңдағы басты міндет ғылыми қорытындыларды нақты іс-қимылға айналдыру маңызы, экологиялық жақсарту қарапайым қағидаларды сақтаудан басталатынын атап өтті.

Халықаралық қауымдастықтың алаңдаушылығы БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының басшысы Ингер Андерсеннің баяндамасында айқын көрінді. Ол аймақтағы температураның жаһандық орташа көрсеткіштен әлдеқайда жылдам көтеріліп жатқанын, биоалуантүрліліктің кемуі мен Арал және Каспий теңіздерінің тартылуы миллиондаған адамның тағдырына тікелей әсер ететін экзистенциалды қатер екенін мәлімдеді.

Осы маңызды жинағы қатысқан Қорық атындағы Қызылорда университетінің «Электрэнергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Светлана Құжамбердиеваның пікірінше, саммит аймақтың климаттық күн тәртібіндегі ролін түбегейлі өзгертті.

– Елордамыз Орталық Азияның климаттық дипломатия орталығы ретінде халықаралық алауыт ұйымдар мен сарапшылардың басын қосып, өзекті мәселелердің шешілуіне тың серпін берді. Саммиттің практикалық сипаты мен ұсынылған инновациялық шешімдердің деңгейі ерекше атап өтуге тұрарлық. Біз бұдан былай экологиялық мәселелерді теориялық тұрғыда ғана емес, Арал бассейнін қалпына келтіруге арналған интеллектуалды жүйелер, «жасыл» энергетика және қалдықтарды қайта өңдеу стартаптары арқылы нақты іс жүзінде шешуге көштік. Бұл жиын біздің аймақты климаттық күн тәртібінің сырттағы бақылаушысынан белсенді субъектісіне айналдырғанын айқын дәлелі. Бірінші күнгі пленарлық мәжілісте БҰҰ Бас хатшысының орынбасары мен ЮНЕП басшылары Арал мәселесін көтерді. Саммиттің екінші күні Каспий теңізінен мұздықтарды қорғауға дейінгі өзекті тақырыптар қозғалды. Қырғызстанның тау климаты, Тәжікстанның мұздықтары, Түркменстанның шөлейттенумен күресі және Өзбекстанның таза ауа бастамалары бір арнаға тоғысты. 2035 жылға дейінгі «жасыл қалқан» бағдарламасы, шағын гидроэнергетиканы дамыту және көміртегі құнын белгілеу тетіктері сынды нақты құралдардың талқыланыуы экологиялық саясаттың нақты технологиялық және заманалық арнаға түскенін көрсетеді. Орталық Азияның экология тілінде біртұтас сөйлей бастауы және мұндай ауқымды бастамалардың елорда төрінде жүзеге асуы – мемлекетіміздің тұрақты даму бағытына деген берік ұстанымын айғақтайды, – дейді ол.

Астана саммиті үш маңызды өзгерісті айқындады. Біріншіден, климат мәселесі алғаш рет су, энергетика және азық-түлік қауіпсіздігімен тұтас жүйе ретінде қарастырылды. Екіншіден, мемлекеттер өз мүдделерін ортақ жауапкершілік ретінде тұжырымдай бастады. Үшіншіден, Орталық Азия халықаралық аренада жаһандық экологиялық басқарудың нақты тетіктерін ұсына алатын дербес субъект ретінде бой көрсетті. Егер бұл үрдістер тұрақты қаржыландыру және мониторинг тетіктерімен бекітілсе, Астанада басталған диалог өңірдің тұрақты дамуының жаңа тарихи кезеңіне айналар.

София ХАЙРУЛЛА

Меншік иесі:

**СЫР**  
**МЕДИА**  
жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетпені, «AS!» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3858 Тапсырыс №6686

Немірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА